

**Қазақстан Республикасы мен Словакия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 1239 Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Словакия Республикасы арасындағы екі жақты байланыстарды тереңдету және экономикалық қатынастарды одан әрі дамыту үшін құқықтық негіз жасау мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Словакия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Қаржы министрі Наталья Артемовна Коржоваға принципті сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Словакия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қоюға өкілеттік берілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006.07.26. N 156 Жарлығымен.**

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N

1 2 3 9

Ж а р л ы ғ ы н а

Қосымша

**Қазақстан Республикасы мен Словакия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция**

Қазақстан Республикасы мен Словакия Республикасы  
Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды

болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция жасасуға ниет  
б і л д і р е о т ы р ы п ,  
төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

### Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

## 2-бап

### Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табыс пен капиталға салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін еңбекақы мен жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ мүлік құнының өсуіне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан немесе табыстың немесе капиталдың жеке бөліктерінен алынатын салықтардың барлық түрі табыстар мен капиталға салынатын салықтар деп есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын, алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) корпорациялық табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

(iii) мүлікке салынатын салық;

(бұдан әрі "Қазақстан салығы" деп аталады);

б) Словакия Республикасында:

(i) жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;

(ii) заңды тұлғалардың табысына салынатын салық;

(iii) жылжымайтын мүлікке салынатын салық;

(бұдан әрі "Словакия салығы" деп аталады).

4. Осы Конвенция осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңдарына енгізілетін кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етіп отырады.

### 3-бап

#### Жалпы анықтамалар

1. Егер түпнұсқа мәтіннен өзгедей мағына туындамаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) терминдер:

(i) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында қолданған кезде "Қазақстан" термині аумақтық суларды, сондай-ақ халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттары үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстан Республикасының салық заңдары қолданылатын айрықша экономикалық аймақ пен құрлықтық қайранды қамтиды;

(ii) "Словакия" Словакия Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында қолданған кезде Словакия Республикасы оның шегінде халықаралық құқық ережелеріне сәйкес өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын аумақты білдіреді;

b) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері түпнұсқа мәтініне қарай Қазақстанды немесе Словакияны білдіреді;

c) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

d) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпорациялық бірлестік ретінде қарастырылатын кез келген корпорациялық бірлестікті немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

e) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

f) "халықаралық тасымал" термині, теңіз немесе автомобиль көлігін тек басқа Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатыннан басқа жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын кез келген теңіз, әуе немесе автомобиль көлігімен жасалатын тасымалды білдіреді;

g) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Словакияда: Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары негізінде заңды тұлға серіктестік, немесе қауымдастық мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет кез келген уақытта осы Конвенцияны қолданған кезде онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпнұсқа мәтіннен өзгедей мағына туындамаса, осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты сол уақытта сол Мемлекеттің заңдары бойынша ол қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынаға ие болады.

#### **4-бап**

#### **Резидент**

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині сол Мемлекеттің заңдары бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті және оның кез келген әкімшілік бөлімшесін немесе жергілікті билік органын қамтиды. Алайда, бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа немесе ондағы капиталға қатысты осы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қ а м т ы м а й д ы .

2. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, оның мәртебесі мынадай тұрғыда айқындалады:

a) ол өзінің билік етуіндегі тұрақты баспанасы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның билік етуінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол мейлінше тығыз жеке және экономикалық қатынасы ( өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

b) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде біреуінде өзінің билік етуіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып е с е п т е л е д і ;

c) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың бірде біреуінде тұрмаса, ол өзі азаматы болып отырған Мемлекеттің резиденті болып е с е п т е л е д і ;

d) егер резиденттің мәртебесі a) - c) тармақшаларына сәйкес айқындалмайтын болса , Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары аталған мәселені өзара келісім б о й ы н ш а ш е ш е д і .

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке адамнан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол іс жүзіндегі басқару орны орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі.

#### **5-бап**

#### **Тұрақты мекеме**

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі ол арқылы толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда мыналарды:

- а) басқару орнын;
- б) бөлiмшени;
- с) кеңсени;
- д) фабриканы;
- е) шеберхананы;

ғ) және кенiшті, мұнай немесе газ ұңғымаларын, карьерді немесе табиғи ресурстар өндiретін басқа да кез келген орынды қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині сонымен қатар:

а) егер осындай алаң немесе объект 9 айдан астам уақыт бойы тұрса немесе мұндай қызмет 9 айдан астам уақыт бойы көрсетiлсе, құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе жинау объектісін немесе, осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтерді;

б) және егер тек мұндай пайдалану 6 айдан астам уақыт бойы созылса немесе мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт бойы көрсетiлсе, табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе құрылысты немесе, осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтерді немесе бұрғылау қондырғысын, немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын кемеңі;

с) егер мұндай сипаттағы қызмет ел шегінде ұзақтығы 12 ай кез келген кезеңнің жалпы алғанда 6 айдан астамын құрайтын кезең немесе кезеңдер ішінде жалғасса (осындай немесе оған байланысты жоба үшін), консультациялық қызметтерді қоса алғанда, осындай мақсаттар үшін резиденттер жалдаған қызметшілер немесе басқа персонал арқылы резиденттердің қызметтер көрсетуін қамтиды.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды:

а) құрылыстарды тек кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізіп тұру мақсаттары үшін пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жеткізіп тұру мақсаттары үшін ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаттар үшін ұстауды;

д) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арнап ақпарат жинау үшін ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ұстауды;

ғ) осындай амал нәтижесінде туындайтын тұрақты қызмет орнының жиынтық

қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын а) тармақшасынан бастап е) тармақшасын қоса алғанда көрсетілген қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ұстауды қамтушы ретінде қарастырмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер 1-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім шарттар жасасуға өкілеттігі болса және әдетте пайдаланып жүрсе, егер тек оның қызметі тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылғанның өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын, 4-тармақта айтылған қызмет түрлерімен шектелмесе, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызметке қатысты осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

6. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін осы Мемлекетте делдал, комиссиянер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, егер осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын (не тұрақты мекеме арқылы не басқадай жолмен) компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

## **6-бап**

### **Жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табыстарға (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табыстарды қоса алғанда) осы екінші Мемлекетте салық с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты заңдар ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық қорларды, көздерді және басқа да табиғи ресурстарды игеру үшін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теңіз, әуе және автомобиль көлігі жылжымайтын мүлік ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға

беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері сол сияқты кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

## **7-бап**

### **Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны, егер екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда айтылғанындай жүзеге асырса, онда кәсіпорынның п а й д а с ы н а , б і р а қ :

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) осы екінші Мемлекетте осындай тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес келетін немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды сатуға ;

с) немесе сипатына қарай осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе ұқсас осы екінші Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана екінші Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге, егер ол осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысатын оқшауланған және жеке кәсіпорын болып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда, оның алуы м ү м к і н п а й д а ж а т қ ы з ы л а д ы .

3. Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде шығыстар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі. Қалай болғанда да, осындай шығыстар тұрақты мекеме бас кәсіпорынға немесе оның филиалдарының кез келгеніне төлеген роялтилер, каламақылар немесе патенттерді немесе көрсетілген арнайы қызметтер үшін немесе менеджмент (шын мәнінде тұрақты мекеме шеккен шығыстарды өтеуден басқа) үшін, комиссиялық ақы төлеу сияқты басқа да құқықтарды пайдаланғаны үшін, қайтарымға басқа да ұқсас төлемдер сияқты қандай да болмасын соманы немесе кәсіпорын тұрақты мекемеге несиеге берген сомаға проценттерді қамти алмайды.

4. Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әр түрлі бөлімшелеріне үлесті бөлу негізінде айқындау кәдуілгі дағдыға айналуына қарай, 2-тармақта ешнәрсе Уағдаласушы Мемлекетке салық салынатын пайданы әдетте қабылданғанындай, осылай бөлу арқылы айқындауға бөгет бола алмайды. Алайда таңдап алынған үлесті бөлу әдісі осы Бапта айтылған принциптерге сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуының негізінде ғана осы тұрақты мекемеге қандай да болмасын пайда есептелмейді.

6. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке айтылған табыстардың түрлерін қамтыса, онда бұл баптардың ережелеріне осы баптың ережелері қ о л д а н ы л м а й д ы .

7. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептері болмаса, жылма-жыл біркелкі тәсілмен анықталады.

## **8-бап**

### **Халықаралық тасымалдар**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті теңіз, әуе немесе автомобиль көлігін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Мемлекетте ғана с а л ы қ с а л ы н а д ы .

2. 1-тармақтың ережелері пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

## **9-бап**

### **Қауымдасқан кәсіпорындар**

1 . Е г е р :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама т ү р д е қ а т ы с с а ;

б) немесе екі бірдей тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда олардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және, тиісінше, салық



с а л ы н у ы

м ү м к і н .

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосса әрі, тиісінше, салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетіндей пайда болып табылса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасында болатын қатынастардай болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа да ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған ретте бір-біріне кеңес беріп отыруға тиіс.

## 10-бап

### Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осындай дивидендтерге сонымен қатар дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық:

а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының кемінде 30 процентіне тікелей иелік ететін компания (әріптестіктен өзге) болса, дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен;

б) қалған барлық жағдайда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспауға тиіс.

Бұл тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қозғамайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салықтық реттеуге жататын басқа да корпорациялық құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты дивидендтер төленетін

холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы екінші Мемлекет мұндай дивидендтер осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болатын жағдайды қоспағанда, осы компания төлейтін дивидендтерге кез келген салықты сала алмайды және компанияның бөлінбеген пайдасынан егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осы екінші Мемлекетте пайда болатын табыстан толығымен немесе ішінара құралса да бөлінбеген пайдаға салық салынбайды.

6. Осы Конвенцияның басқа ережелеріне қарамастан, егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі болса, осы екінші Мемлекетте тұрақты мекеменің пайдасына оның заңдарына сәйкес қосымша салық салынуы мүмкін, бірақ осылайша алынатын қосымша салық осы екінші Мемлекетте алынатын табысқа салынған салықты шегеріп тастағаннан кейінгі осындай пайда сомасының 5 процентінен аспауға тиіс.

## **11-бап**

### **Проценттер**

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы проценттердің нақты иесі болып табылса, онда осылайша алынған салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, алынған және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне немесе Орталық банкке (Ұлттық Банкке) немесе осы Үкіметке толық тиесілі қандай да бір қаржы мекемесіне нақты тиесілі, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған проценттер бірінші аталған Мемлекетте салықтан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышқорлардың пайдасына қатысуға құқық беретін немесе бермейтін борыштық талаптардың кез келген түрінен алынған табысты және атап айтқанда, үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықтар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық

міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақытылы төленбеген төлемдерге салынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып , проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базамен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оған қатысты проценттер төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән- жайларға қарай 7-баптың немесе 14-баптың е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

6. Егер осы Мемлекеттің өзі, әкімшілік бөлімшелер, жергілікті билік органдары немесе осы Мемлекеттің резиденті төлеуші болып табылса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады. Егер, алайда, проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оларға байланысты олар бойынша проценттер төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болады д е п с а н а л а д ы .

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты проценттердің сомасы пайыздар төлеуші мен олардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігі осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

## **12-бап**

### **Роялти**

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ алушы роялтидің нақты иесі болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде әдебиет, өнер немесе ғылым

шығармаларына, кинематографиялық фильмдерге және радио немесе теледидар хабарларында пайдаланылатын фильмдерге немесе таспаларға, бейне мен дыбысты қайта жандандыру құралдарына, кез келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске, бағдарламалық камтамасыз етуге кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпараттар үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төлемдерді білдіреді.

4. Егер, роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оған қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер осы Мемлекеттің өзі немесе әкімшілік бөлімше немесе жергілікті билік органы немесе осы Мемлекеттің резиденті төлеуші болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады. Егер, алайда, роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің пайда болуына байланысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти осы тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп саналады.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан олар үшін төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігі осы Конвенцияның басқа да ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

## **13-бап**

### **Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта айтылған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## 2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті:

а) компанияның құны негізінен және тура немесе жанама түрде екінші Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тұратын негізгі капиталының акцияларын;

б) немесе пайыздарының құны негізінен және тура немесе жанама түрде екінші Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен немесе жоғарыда (а) тармақшасында атап өтілген акциялардан тұратын әріптестіктегі трастағы немесе мүліктегі үлесті иеліктен шығарудан алынған табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иелік етіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан немесе осындай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен бірге) немесе осындай тұрақты базаны иеліктен шығарудан алынған осындай табыстарды қоса алғанда, тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі резидентінің иелігіндегі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз, әуе немесе автомобиль көлігін немесе мұндай теңіз, әуе немесе автомобиль көлігін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

5. Осы баптың алдыңғы өткен тармақтарында айтылғаннан басқа, кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

## 14-бап

### Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Кәсіби қызметтер көрсетуге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметке қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаның алған табысына, мұндай табысқа екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін мынадай жағдайларды қоспағанда, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады:

а) егер ол өзінің қызметін жүзеге асыру мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты негізде тұрақты базасы болса; мұндай жағдайда табыстың осы тұрақты базаға жататын бөлігіне ғана салық салынады;

б) немесе егер ол екінші Уағдаласушы Мемлекетте тиісті салық жылынан басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиыны 183 күннен асып түсетін кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде болған болса; мұндай жағдайда табыстың тек осы екінші Мемлекетте оның жүзеге асырылатын қызметінен алынған бөлігіне ғана салық салынады.

2. "Кәсіби қызметтер көрсету" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, тіс дәрігерлерінің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

## **15-бап**

### **Тәуелді жеке қызметтер**

1. 16, 18, 19-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекет резиденті жалдамалы жұмысына байланысты алған еңбекақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыға, егер тек жалдамалы жұмыс екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған осындай сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдамалы жұмысқа қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы аталған Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

а) алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиыны 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Мемлекетте тұрса;

б) сыйақыны екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төлесе;

с) сыйақыны жалдаушының екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе.

3. Осы баптың мұның алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## **16-бап**

### **Директорлардың қаламақылары**

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе осыған ұқсас органының мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақыларына және басқа да сондай төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## **17-бап**

### **Артистер мен спортшылар**

1. 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі секілді өнер қызметкері немесе сазгер ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осы өзінің сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алынатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, бұл табысқа, 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің мемлекеттік қорлары немесе оның жергілікті билік органы немесе мемлекеттік мекеме толығымен немесе едәуір дәрежеде қаржыландыратын мұндай қызметтің осы Мемлекетке сапар мақсатына сәйкес келетін шамада өнер қызметкері немесе спортшы Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметтен алынған табысқа 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда артист немесе спортшы резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана табысқа салық салынады.

## **18-бап**

### **Зейнетақылар мен басқа да осындай төлемдер**

1. 19-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырылған жұмысы үшін төленетін зейнетақыларға және басқа да осындай сыйақыларға және осындай резидентке төленетін кез келген аннуитеттерге тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. "Аннуитет" термині ақшалай немесе құндық түрде баламалы және толық өтеу орнына төлем жасау міндеттемесі не сәйкес жеке тұлғаға бүкіл өмір бойы немесе белгілі бір не белгіленетін уақыт кезеңінде белгіленген уақытта жүйелі түрде төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

## **19-бап**

### **Мемлекеттік қызмет**

1. а) жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет бөлімшелері немесе әкімшілік бөлімшелеріне немесе билік органы немесе жергілікті билік органы осы Мемлекетте немесе оның бөлімшелеріне немесе билік органдарына жүзеге асыратын қызметі үшін төленетін еңбекақыға, жалақыға және зейнетақыдан өзге басқа ұқсас сыйақыға тек осы

Мемлекетте ғана салық салынады;

б) алайда, мұндай еңбекақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болып табылса:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болып табылса;

(ii) немесе қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмайтын болса, мұндай еңбекақыға, жалақыға немесе басқа ұқсас сыйақыға тек осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті билік органы төлейтін немесе олар құрған қорлардан осы Мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшелері немесе билік органдары үшін жүзеге асыратын қызметі үшін төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады;

б) алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, мұндай зейнетақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. 15, 16, 17 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты төленетін еңбекақыға, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

## **20-бап**

### **Студенттер**

Уағдаласушы Мемлекетке барардың нақ алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші аталған Мемлекетте тек білім алу немесе практикадан өту мақсатында ғана тұрып жатқан студент немесе практикант өзінің өмір сүру, білім алу немесе практикадан өту мақсаты үшін алатын сомаларға бұл сомалардың көздері осы Мемлекеттен тыс жерде орналасқан кезде осы Мемлекетте салық салынбайды.

## **21-бап**

### **Басқа да табыстар**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті табыстарының түрлеріне осы Конвенцияның алдыңғы баптарында сөз болмаған олардың пайда болу көздеріне қарамастан, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 6-баптың 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарға, егер мұндай табыстарды алушы бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұрып, екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты база арқылы тәуелсіз жеке қызметтер ұсынса



және оларға байланысты табыс төленген құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

## **22-бап**

### **Капитал**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, 6-бапта айтылған жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаты үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің иелігінде бар тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

3. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланатын көлік құралдары және осындай көлік құралдарын пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана с а л ы қ с а л ы н а д ы .

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне осы Мемлекетте ғана салық салынады.

## **23-бап**

### **Қосарланған салық салуды жою**

1. Словакияда қосарланған салық салу былайша жойылады:

Словакия өз резиденттерінен салықтарды өндіріп алу кезінде осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы да мүмкін табыс немесе капитал түрлерін осындай салықтар өндіріп алынатын салық салынатын базаға енгізе алады, бірақ Қазақстанда төленген салыққа тең сомаға осындай базаға сәйкес есептелген салық сомасынан шегерім ретінде ғана жол беріледі. Мұндай шегерім, алайда, осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға сәйкес келетін шегерім бергенге дейін есептелген Словакия салығының сол б ө л і г і н е н а с п а у ғ а т и і с .

2. Қазақстанда қосарланған салық салу былайша жойылады:

а) егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Словакияда салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, Қазақстан:

(i) бұл резиденттің табысына салынатын салықтан оның Словакияда төленген

табысына салынатын салыққа тең соманы шегеруге; (ii) бұл резиденттің капиталына салынатын салықтан оның Словакияда төленген капиталына салынатын салыққа тең соманы шегеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес шегерілетін салық мөлшері оған қолданылатын ставка бойынша Қазақстанда сондай табысқа есептелген салықтан аспауға тиіс;

б) егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Словакияда ғана салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, Қазақстан осы табысты немесе капиталды салық салынатын базаға, бірақ Қазақстанда салық салуға ұшырайтын осындай басқа табысқа немесе капиталға салық ставкасын белгілеу мақсатында ғана, енгізуі мүмкін.

3. Егер Конвенцияның кез келген ережесіне сәйкес алынған табыс немесе Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі капитал осы Мемлекетте салықтан босатылса, онда бұл Мемлекет осындай резиденттің қалған табысына немесе капиталына салынатын салық сомасын есептеу кезінде салықтан босатылған табысты немесе капиталды есепке қабылдауы мүмкін.

## **24-бап**

### **Кемсітпеу**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары, атап айтқанда, резиденттікке қатысты ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе осыларға байланысты міндеттемелерден өзгеше немесе біршама ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе осыларға байланысты кез келген міндеттемеге, екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары тап сондай жағдайда екінші Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

О с ы е р е ж е

1-баптың ережелеріне қарамастан, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметті жүзеге асыратын осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте біршама қолайсыздау болмауға тиіс. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе ол өздерінің резиденттеріне ұсынатын отбасылық жағдай негізінде салық салу мақсаттары үшін мұндай жеке салықтық жеңілдіктер, шегерістер мен шегерімдер берілетіндей болып пайымдалмауға тиіс.

3. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының немесе 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер,

роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаты үшін олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ осындай шарттарда шегеріліп тастауға жатады. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне осыған ұқсас кез келген берешегі осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаты үшін бірінші аталған Мемлекет резидентінің берешегі сияқты нақ сондай шарттарда шегеруге жатады.

4. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылауға алып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе неғұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе соған байланысты кез келген міндеттемелерге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

## **25-бап**

### **Өзара келісу рәсімі**

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғып отыр немесе әкеп соғатын болады деп санаса, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының немесе егер оның ісі 24-баптың 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекеттің қарауына бере алады. Өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соқтыратын іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп санаса және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген кез келген уақыт шектеулеріне қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылатын болады. Олар, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатымен бір-біріне кеңес береді алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары алдыңғы тармақтарды

түсінуде келісуге қол жеткізу мақсатында олардың өздерінен немесе олардың өкілдерінен тұратын бірлескен комиссияны қоса алғанда, бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

## **26-бап**

### **Ақпарат алмасу**

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей шамада осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпаратпен алмасып тұрады. Ақпарат алмасу 1-баппен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлі өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе салықтарға қатысты шағымдарды қараумен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қоса алғанда) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде аша алады.

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей болып түсіндірілмейді.

## **27-бап**

### **Дипломатиялық миссиялардың және консулдық мекемелердің мүшелері**

Осы Конвенцияда еш нәрсе де дипломатиялық миссиялар мен консулдық мекемелер мүшелерінің оларға халықаралық құқықтың жалпы нормаларына сәйкес немесе арнайы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

## 28-бап

### Күшіне енуі

1. Осы Конвенция бекітуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасу мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізіледі.

2. Осы Конвенция бекіту грамоталарын алмасқан күннен кейін 60-ыншы күні күшіне енеді және оның ережелері:

а) осы Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе бірінші қаңтарынан кейін алынған табыс сомасы бойынша төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) және осы Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарында немесе бірінші қаңтарынан кейін басталатын салық салынатын кезеңдер үшін табыс пен капиталға салынатын басқа салықтарға қатысты қолданылады.

## 29-бап

### Қолданылуын тоқтату

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның қолданылуын тоқтатпайынша күшінде қала береді. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына кемінде алты ай қалғанда дипломатиялық арналар арқылы қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жібере отырып, Конвенцияның күшін тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Конвенция:

а) хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарында немесе бірінші қаңтардан кейін алынған табыс сомасы бойынша көздерден ұсталатын салықтарға қатысты;

б) хабарлама берілген жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарында немесе бірінші қаңтарынан кейін басталатын салық салынатын кезеңдер үшін табыс пен капиталға салынатын басқа салықтарға қатысты өз күшін тоқтатады.

Осыны куәландыру ретінде, тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

200\_\_ жылғы \_\_ айында \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ қазақ, словак, ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Талдауда алшақтық болған жағдайда, ағылшынша мәтін айқындаушы болып табылады.

*Қазақстан Республикасы*  
үшін

*Словакия Республикасы*

үшін

